

Тайынша ауданы Тайынша қаласының құрамдас бөліктерін атау және қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 175 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 17 сәуірдегі N 270 шешімі біріккен қаулылары. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 сәуірде N 3235 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабы 5-1) тармақшасына сәйкес Тайынша қаласы тұрғындарының пікірін есепке алып, Солтүстік Қазақстан облыстық ономастикалық комиссияның 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 4-3 қорытындысының негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Тайынша ауданы Тайынша қаласының келесі құрамдас бөліктері:
Ленина көшесі Қазақстан Конституциясы көшесіне;
50 лет ВЛКСМ көшесі Мағжан Жұмабаев көшесіне;
"Октябрьская" алаңы "Достық" алаңына қайта аталсын.

2. Қалалық саябаққа "Жеңіс" атауы берілсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тайынша ауданының әкімі

С. Салтықов

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихаттың

Қ. Шәріпов

хатшысы

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының XXXVII кезектен

Ж. Ғабдуллин

тыс сессиясының төрағасы